

## Хаттама №1

"Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-де наурыздың 5-і күні сағат 15<sup>00</sup>-де қамқоршылық кеңес жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 9

Қатысқаны - 9

Қатыспағаны – 0

### Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесін сақтауы.
2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы.

### Тыңдалды.

Г.Б.Мырзалина – кеңес төрайымы

Білім ордасының ішкі тәртіп ережелері мектеп директорының бұйрығымен бекітілсін. Барлық класс жетекшілер класс жиналысын жасап, жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, мектеп оқушыларына ішкі тәртіп ережесін таныстырсын. Әр дүйсенбі сайын мектеп басшылары мен класс жетекшілер, кезекшілер мектеп формасының сақталуын сабақтан кешікпеу, сабақтан себепсіз қалмау, жалпы ішкі тәртіп ережесінде не қамтылған барлығын қадағалап отырады. Сонымен қатар білім беру ұйымында ерекшелеп көрсетіп тұратын киім киюге тыйым салынатындығы, білім беру ұйымына алып келуге тыйым салынған заттарды суық қару, телефон, электр құрылғылар т.с.с және қадалғыш және кескіш заттар қолдануға тыйым салынатындығы жөнінде баса айтылды.

Е.Қ.Қуанышқали – ДТДЖО.

Мектепте білім алушылар қосымша біліммен қамтылған. Мектебімізде «Толағай» спорт үйірмесі, «Әсем ән-хор» үйірмесі, еркін күрес үйірмесі мен қатар басқа да ақысыз үйірмелер жұмыс жасайды. Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін түрлі сайыстар ұйымдастырылып отырады. 9-11 класс оқушыларын емтиханға, ҰБТ–ге дайындау үшін қосымша сабақтарға белгіленген кесте бойынша шақырылып, дайындық жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. Оқушыларымыз еркін күрестен аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып отырады. Көңіліміз толып марқайып отырамыз.

Сөйлеушілер:

Ж.Д.Өтешова – кеңес мүшесі.










Өткен оқу жылы мектебіміз үшін табысты жыл болды. Мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық байқаулардан түрлі олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болып мектеп мәртебесін асқақтатып отырды. Алдағы уақытта білім алып жатқан шәкірттеріміз мектеп абыройын асқақтата берсін. Қ.Жазықов атындағы орта мектебінің барша ұстаздарына алғыс айтып, шығармашылық табыстар тілеймін.

Қаулы:

1. Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесі таныстырылып қадағалансын
2. Қосымша білім беру ұйымдары жұмыстары жандандырылсын

Кеңес төрайымы:

Кеңес мүшелері:

Г.Б.Мырзалина  
Н.А.Жұбаналина  
Ж.Д.Өтешова  
Г.С.Дүсипова  
Г.А.Асанова  
И.Н.Нұрмағанбетов  
Н.У.Тәжіғалиев  
Ш.Н.Тубекова  
З.П.Тлеумағанбетова